

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 тамыздағы N 787 Қаулысы

Ескерту. ҚР Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламентінен кері қайтарып алынсын - ҚР Үкіметінің 2007.04.13. N 300 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 2, 19, 20-құжаттар; N 3, 22-құжат; N 5-6, 31-құжат; N 8, 45-құжат; N 10, 52-құжат; 2006 жылғы 27 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 29 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 22 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы ; 2006 жылғы 11 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 8 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде

1. Жиналыс, митингі, шеру, пикеттер, демонстрация не қоғамдық, топтық немесе жеке мүдделерін білдіруге байланысты өзге де көпшілік іс-шара ұйымдастыруға немесе өткізуге кедергі жасау, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Санкцияланбаған жиналысқа, митингіге, пикетке, демонстрацияға не өзге де көпшілік іс-шараға қатысушыларға ұйымдар басшыларының және басқа да лауазымды адамдардың үй-жай не өзге мүлік (байланыс құралдарын, көбейту техникасын, жабдық, көлік) беруі немесе осындай іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу үшін өзге де жағдайлар жасауы, -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қазақстан Республикасының жиналыс, митингі, шеру, пикеттер, демонстрация не қоғамдық, топтық немесе жеке мүдделерін білдіруге байланысты өзге де ашық іс-шара ұйымдастыру немесе өткізу тәртібі туралы заңдарын бұзу, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

жиналысты, митингіні, шеруді, пикеттерді, демонстрацияны не өзге де ашық іс-шараны ұйымдастырушыларға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға, өзге қатысушыларға айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген әкімшілік жазалау шаралары қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталанып жасалған әрекеттер, -

жиналысты, митингіні, шеруді, пикеттерді, демонстрацияны не өзге де ашық іс-шараны ұйымдастырушыларға айлық есептік көрсеткіштің елуден бір жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он тәуліктен он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға, өзге қатысушыларға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәуліктен он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

Ескертпе. Ұйымдастырушылар және жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізуге белгіленген тәртіппен рұқсат алған, оларды өткізу тәртібін сақтауға жауапты өзге де адамдар Қазақстан Республикасының заңында көзделген жағдайларда көрсетілген іс-шараларды тоқтату жөніндегі шараларды уақтылы қолданса, олар әкімшілік жауапкершіліктен босатылады.

Жиналыстарға, митингілерге, шерулерге, пикеттерге және демонстрацияларға өзге де қатысушылар билік өкілдерінің, сондай-ақ ұйымдастырушылар мен оларды өткізуге жауапты басқа да адамдардың Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген

жағдайларда көрсетілген іс-шараны тоқтату жөніндегі талаптарын орындаса, олар өкімшілік жауапкершіліктен босатылады."

2. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233, 247-құжаттар; N 23, 920-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 13-14, 174-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; N 23, 309-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 12, 82-құжат; 2004 ж., N 23, N 2-құжат; N 24, 155-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат):

13-баптың 1-тармағы 4) тармақшадағы "қатысты" деген сөзден кейін ";" қойылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды ұйымдастырушылар мен қатысушылар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген көрсетілген іс-шараларды өткізу тәртібін бұзған және жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің заңды талаптарына бағынбаған жағдайда о л а р д ы т о қ т а т у ү ш і н " .

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті